

18 желтоқсан
Сәрсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

АҚГҮЛ ЛОНДОНҒА БАРАДЫ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ЖӘНЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН "OWLYRIA INTELLECTUAL CHALLENGE" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БРИТАН ЗИЯТКЕРЛІК БАЙҚАУЫ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ОФЛАЙН ФОРМАТТА ӨТКЕН БОЛАТЫН.



Байқау 11-18 жас аралығындағы оқушыларға арналған және әртүрлі бағыттарда, әдебиет, ғылым, өнер, әлеуметтік ғылымдар және технологиялар бағытында өтеді. Бұл байқауға Ақтөбенің БИЛ,

Ақбөбек, Сымбат сияқты дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарынан барлығы 150 оқушы қатысты. Біздің ауданнан Ж.Жүсібаиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің 6-сынып оқушысы

Ақгүл Ернарқызы қатысып, күміс медальға ие болды. Ақгүл алдағы жылдың тамыз айында Англияның Лондон қаласында өтетін кезеңге жолдама алды. Балғынды байқауға дайын-

даған ұстазы Нұршат Нұртасованың еңбегі зор. Айта кетейік, Ақгүл бұған дейін де мектепаралық, аудандық, облыстық жарыстарда топ жарып, түрлі дәрежедегі дипломдармен марапатталған.

ӘДІЛБЕК - «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ҚАЙРАТКЕРІ»

ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ – ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢ ҚАСТЕРЛІ ӨРІ МӨРТЕБЕЛІ МЕЙРАМЫ. ОСЫ ОРАЙДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН АЗАМАТТАРДЫ МАРАПАТТАУ МАҚСАТЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ҚАЙРАТКЕРІ» БАЙҚАУЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Байқаудың негізгі мақсаты – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын кеңінен насихаттап, Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің жетістіктеріне сүбелі үлес қосқан азаматтардың еңбегін дәріптеу. Аталған байқау аясында белсенділік танытып, өзінің еңбегімен ерекшеленген азаматтардың бірі – Әділбек Рақым. Жерлесіміз өз саласында қажырлы еңбек етіп, ел игілігіне қосқан үлесі үшін жеңімпаз атанып, «Қазақстан Республикасының Құрметті қайрат-

кері» атағымен марапатталды. Бұл атақ – адал еңбек пен тынымсыз ізденістің жемісі, сондай-ақ қоғамның дамуына қосқан үлестің лайықты бағасы. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында осындай құрметті марапатқа ие болған азаматтарды насихаттау – өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік пен еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастырудың жарқын көрінісі. Біз де Әділбекті лайықты марапатымен құттықтай отырып, ел игілігі жолындағы еңбегіне табыс, абырой мен жаңа жетістіктер тілейміз!

ОЙЫН ӘДІСІМЕН ОҚЫТУ

ЖУЫРДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТЫҢ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҮЗДІК АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА» БАЙҚАУЫ ӨТТІ. БҰЛ БАЙҚАУ – БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА БАСТАМАЛАР МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ АЙҚЫНДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ ДОДА.



Аталған байқауда Ақтөбе облысының командасы жоғары нәтижеге қол жеткізіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Облысымыздың намысын қорғаған команда құрамында жерлесіміз Көсембай ауылының бастауыш сынып мұғалімі Ерсайын Аққошқаров өзінің ерекше бағдарламасымен үздік атанды. Білікті ұстаздың жеңіске жеткен бағдарламасы – «4-сыныптың қазақ тілі сабақтарының геймификация әдісімен оқыту». Бұл әдіс қазақ тілі пәнін оқытуды қызықты әрі тиімді етуге бағытталған. Қысқаша айтқанда, геймификация ойын элементтерін оқу процесіне енгізу арқылы оқушылардың белсенділігін арттырып, пәнге деген қызығушылығын ояту. Мұндай тәсіл ойын балаларының оқу материалдарын жеңіл қабылдауына, білімін тәжірибеде қолдануына және шығар-

машылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Ойын элементтері арқылы оқушылар өзара жарысып, білімді ойын барысында игереді. Бұл әдіс балалардың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, белсенді оқу дағдыларын қалыптастырады. Ерсайын Аққошқаровтың осы жеңісі – оның кәсіби шеберлігінің, шығармашылық ізденісінің және білім беруге деген үлкен сүйіспеншілігінің дәлелі. Білім көшін биікке сүйреген білікті ұстаз Ақтөбе облысының ғана емес, тұтас ел мұғалімдерінің мақтанышы. Жас ұрпаққа сапалы білім беріп, үздік нәтиже көрсеткен Ерсайын Аққошқаровқа жаңа белестер мен толағай табыстар тілейміз! Ұстаз еңбегі әрдайым бағаланып, шығармашылық жетістіктері жалғасын таба берсін!

БАҚ ПЕН БАП ҚАТАР ШАПҚАН КҮН

16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ ДЗЮДО КҮРЕСІНЕН АУДАН БІРІНШІЛІГІ ӨТКІЗІЛДІ.

Жарысқа Ақшатау, Қаракөмер, Сарбие, Саға, Қараой және Ойыл ауылдарынан келген 6 командадан 16 салмақ дәрежесі бойынша 100-ден астам жас спортшы қатысты. Аудан біріншілігінің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Көрермендер залында жанкүйерлер мен ауданымыздың спорт саласының жанаушылары жарыстың әр сәтін тапжылмай тамашалады. Жарыс барысында спортшылардың жігері мен шеберлігі сынға түсіп, тартысты белдесулер өтті. Жанкүйерлер де, жарысқа қатысушыларда командаластарына қызу қолдау көрсетті. Әр спортшы жеңіс үшін барын салып, татами төрінде спорттық рух пен қайсарлық танытты. Жас балуандардың бапкерлері де өздерінің кеңе-

стерін берумен болды. Жарыс қорытындысы бойынша бағы мен бабы қатар шапқан спортшылар Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің мақтау қағаздары мен медальдарымен марапатталды. Бұл турнир – жас дзюдошылардың шеберліктерін шыңдап, тәжірибе алмасуына үлкен мүмкіндік берді. Болашағынан үлкен үміт күттіретін жас балуандардың арасында көрермен кезайымына айналғандарыда болды. Дзюдо күресінің шырқау шегі осымен тоқтап қалмайды. Жалындаған жас балуандар тұрғанда елі талай биіктердің бағынатындығы анық. Спорт додасы аудан жастарының спортқа деген қызығушылығын көрсетіп, салауатты өмір салтын ұстанушылардың көбейгенін байқатты.



ЖАҢА ӨМІР БАСТАҒАН-ЖЕЛТОҚСАН



Өткен аптаның соңында «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында ұлт тағдырына өшпес із қалдырған желтоқсан оқиғасының кұәгерлерімен кездесу кеші өтті. «Жаңа өмір бастаған-желтоқсан» атауымен өткен шара алдымен сол қасиетті күндерді еске салатын көріністен, жазықсыз жапа шеккен, қапылыста мерт болған өршіл өрендер рухына тағзым ретінде еске алу үнсіздігінен басталды. Кеш күәгер аға-апалардың естеліктеріне жалғасты. Сөз кезегін 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысқан күәгерлері Өркен Қожағалиев, Ардақ Жаңабекова, Берік Құрмашев осынау жайттарды қысқаша

баяндап, толқынысты сөттерден сыр шертті. Осылайша желтоқсаншылар жас буынға тәрбиелік мәні бар ұлағатты өңгімелерін айтып, болашақ үшін жастардың тарихын ұмытпауы тиіс екенін атап өтті. Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев желтоқсан оқиғасының мән-маңызына қысқаша тоқталып, тыңдайтын құлақ, ұғынатын жүрек болса, тәуелсіздікті, елдікті сақтау тіл мен ел-жеріңе деген шынайы сүйіспеншіліктен басталатынын тілге тиек етті. Тәуелсіздігіміздің 33 жылдық мерекесімен құттықтап, желтоқсаншыларға естелік сыйлығын табыстады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ГАЗЕТИМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 28 ЖЕЛТОҚСАН,
СЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Зейнетақы жүйесіндегі реформалар нәтиже бере ме?

БИБИЛ ЕЛДЕГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕ БІРҚАТАР ӨЗГЕРІС ОРЫН АЛДЫ. ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАҢА ЖАРНА ЕНГІЗУ, ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУ СЕКІЛДІ ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ БАР. ДЕСЕ ДЕ САРАПШЫЛАР МҰНДАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ЖОБАЛАР САЛАҒА ОҢ ӨСЕР ЕТЕТІНІНЕ КҮДІКПЕН ҚАРАЙДЫ.

Себебі бүгінгі бағдарда болашақтағы ықтимал келеңсіз фактор ескерілмей отыр: инфляция деңгейі; БЖЗҚ-ның инвестициялық кірісі; зейнетақы қорындағы қаржыны мерзімінен бұрын алу. Осы орайда «Зейнетақы қорын дамытудың жолы қайсы?», «Жүйелі реформаға не кедергі?» деген сауал туындайды. Жаңа төлем – 1,5% 2025–2027 жылдарға арналған бюджет жобасында халықтың осал тобын қолдауға, зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге бағытталған жоспар нақтыланды. Онда межеге сүйенсек, 2027 жылы орташа зейнетақы көлемі 110 185 теңгеден асады, ең төменгі базалық зейнетақы 55 145 теңге болмақ. Үкімет аталған деңгейге жету үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының табысы мен квазимемлекеттік мекемеге түсетін табысты жүйелеуге мүдделі. Себебі зейнетақы қорындағы қаржы тапшы болса, салмақ мемлекетке түсіп, реформаны тиімділігі туралы сөз қозғау да орынсыз болар еді.

Билыл осы мақсатта зейнетақы жүйесіне жаңа төлем қосылды. Ол – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасы (ЖМЗЖ). Жаңа қағидаға сәйкес, енді әрбір жұмыс беруші БЖЗҚ-ға қызметкердің табысынан ұсталатын міндетті 10%-дық жарнадан бөлек, өз қаражаты есебінен қосымша жарна аударуға міндетті. Яғни, жарналарды төлеу компанияның өз қаражатынан жүзеге асырылады деген сөз. Дегенмен төлем мөлшері қызметкердің табысына қарай есептелетінін ұмытпау керек. Кейін жұмысшы зейнетке шыққанда аталған жарнадан зейнетақыға үстеме қосылып, өмір бойы төлем төленеді. Зейнетақы қоры мамандарының түсіндіруінше, зейнетке шыққан азаматтар ЖМЗЖ төлемін тек 2029 жылдан ала бастайды. Өйткені талап бойынша жұмыс берушілер кем дегенде 60 ай жарна аударуы шарт екен.

Қазіргі таңда төлем мөлшері – қызметкер жалақысының 1,5 пайызы. Алдағы уақытта пайыздық үлес кезең-кезеңмен ұлғайтылмақ:

- 2025 жылы – 2,5%;
- 2026 жылы – 3,5%;
- 2027 жылы – 4,5%;
- 2028 жылы – 5%.

Айта кетейік, Қазақстандағы зейнетақы жүйесі көп деңгейлі: алғашқы деңгей – базалық және ортақ зейнетақы, екінші деңгей – жұмыскердің міндеті және кәсіптік жарнасы мен зиянды және қауіпті өндірісте жұмыс істейтін жұмыскерлер табысынан түсетін үлес, үшінші деңгей – жеке және корпоративтік ерікті зейнетақы жарналары. Демек аталған реформа екінші деңгейге қатысты өзгеріс саналады.

Жүйені жаңартуға бағытталған өзге қадамды «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның басқарушы директоры Мұрат Шәріповтен білген болатынбыз.

– Жыл басынан бері жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) төлене бастады. ЖМЗЖ мөлшері қызметкердің айлық табысының көлеміне байланысты және оны жұмыс беруші өз есебінен аударады. Осы ретте жарна біртіндеп ұлғайтылады. Бұл шара 1975 жылдан кейін туған, зейнетақы мөлшері зейнетақы аударымдарына тікелей байланысты болатын қазақстандықтарды қолдауға бағытталған. Тағы бір бастама зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдарға арнаулы әлеуметтік төлемдер арқылы жүзеге асты. Арнаулы әлеуметтік төлем 55 жасқа толған, оның пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы кемінде 84 ай төленген және зиян-

ды жұмыстан босаған, басқа жеңіл жұмыс түріне көшкен қазақстандықтарға арналған, – деді Мұрат Тұрсынұлы. «4+1» моделі қолдау таба ма? Осы орайда зейнетақы салымшыларының әлеуметтік портретіне мән берген жөн. Мұны айтудағы себеп, 2 миллионға жуық қазақстандықтың жалақысы 85 мың теңге шамасында. Сондағы зейнетақы қорына түсетін пайыздық үлес – 10%, бұл зейнет жасына қам жасауға жол ашатын мөлшер емес. Оның үстіне алғашқы төлемнен 10% салық алынады. Осы мәселе салдарынан қоғамда зейнетақы реформасын талап етуші көбейген.

Үкімет, құзырлы министрлік олқылықтан шығар жолды қарастыруда. Сарапшылар да балама жол ұсынып әлек. Мысалы, бір топ экономист зейнетақы жүйесін тиімді жүйелеу үшін «4+1» моделін енгізу дұрыс деп отыр. Ондағы концепцияны назарға алсақ, зейнеткердің шартты шотта жеке сақталатын ЖМЗЖ-ні бөлек ұстамай, оның басым бөлігін салымшының жеке шотына көшіру айтылған. Бұл әдіс қолдау тапса, жарна салымшының меншігінде болып, зейнетақы жинағының мөлшерін арттыруға мүмкіндік болады деген пікір бар. Жалпы «4+1» үлгісінің нақты сандық есебінде ЖМЗЖ-ның 4%-ы жұмысшының жеке зейнетақы шотына бағытталуы қажет. Қалған 1%-ын өмір бойы төленетін кепілдендіретін арнайы шотқа жіберуді көздейді. 2028 жылғы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасы жалақының 5 пайызын құрайтынын ескерсек, бұл – ақылға қонымды ұсыныс. Ескеретін жайт, «4+1» моделі ресми орган тарапынан әлі қолдау тапқан жоқ. Өзге сарапшылар реформаны өзге тәсілін ұсынады. Мысалы экономист Әнуар Нұртазиннің пікірінше, ерте зейнетке шығатын мамандарға арналған салық немесе зейнетақы төлемін жүйелеу қажет.

– Қазақстандағы зейнетақы Чили жүйесіне сүйенеді. Бұл тәсіл үмітті ақтамады. Үкімет кемшілікті байқап, қосымша міндетті төлем қосып жатыр. Бұл орайда ерте зейнетке шығатын құқық қорғау органы мамандары мен әскери қызметшілерге арнайы төлем енгізу мәселенің шешімі болуы ықтимал. Аталған азаматтар зейнетке шыққасын да міндетті төлем жасау тетігін қарастырған жөн, – деді Әнуар Нұртазин.

Қосымша жарна: екіұшты қадам. Кейінгі жылдары зейнетке шығуға дайындықтың жаңа экономикалық тенденциясы пайда болғандай. Себебі кей азамат зейнетке шығар алдында жеке кәсіпкерлік немесе компания арқылы қосымша аударым жасап, сол бойынша болашақ зейнетақы төлемін көбейтуге тырысуда. Төленген жарна қаншалықты көп болса, келешек зейнетақы да қомақты болмақ.

Әзірге аталған салық схемасының қаншалықты құқық шеңберіне сыятыны теңізінде дау көп.

Заңгерлер еңбек шартының орындалуы жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы өзара келісімге негізделетінін айтады. Мекемедегі ішкі жұмыс тәртібі мен еңбек бөлінісіне мемлекет араласа алмайды.

Ал араласа алмайды екен, демек азаматтардың шынымен көрсетілген жұмыс орында еңбек ететін тексеру де мүмкін емес.

Мұны жауапты орган да растап отыр. Салық маманы Гүлсара Қарымсақованың айтуынша, бұл тұрғыда жұмыс

беруші тапсыратын салық декларациясы ғана мониторинг қызметін атқара алады.

– Бәрі заң аясында жүзеге асуы қажет. Мысалы, жұмыс беруші жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация (200.00-нысан – ред.) тапсыратынын білеміз. Осы құқықтық құжатта қызметкер туралы толық мәлімет беру міндетті. Яғни, «мекеме немесе жеке кәсіпкерлікте қанша қызметкер бар?», «әрбірінің жалақы мөлшері қанша?», «аударылған табыс салығының көлемі қандай?» деген секілді сауалдарға жауап болады. Сол арқылы мәлімет нақтыланады. Айта кетерлігі, азаматтар қанша жерде жұмыс істесе, сонша табыс салығын төлеуі керек. Бұл – заңнамада көрсетілген талап, – деді маман.

Мәселеге қатысты ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің пікірін білдік. Министрлік зейнетақы тағайындау кезінде салық органдарының базасындағы мәлімет есепке алынатынын айтады.

– Зейнетақы төлемін тағайындау үшін құжаттарды қабылдау кезінде тиісті ақпараттық жүйелерге сүйенеміз. Сондай-ақ мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелеріне сұрау жіберіледі. Сұрау салу Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің №232 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Кейін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі мен жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу туралы шешім жүзеге асады, – делінген министрліктің ресми жауабында.

Айта кетейік, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі де, Мемлекеттік кірістер комитеті де зейнетақы жарнасын төлеуші азаматтардың көрсетілген жұмыс орнында еңбек ететінін тексеретін тетік қарастырылмағанын мәлімдеді. Ресми жауапта қос мемлекеттік орган бұл қызметті бір-біріне сілтеген. Кей салымшыны мұндай қадамға итермелейтін тек қосымша қаржы алу мүмкіндігі емес. Мемлекет кепіліне деген сенім де себеп секілді. Қазақстанда міндетті зейнетақы жарнасы бірегей кепілдікпен қорғалатынын ұмытпаған жөн. Қарапайым тілмен айтсақ, зейнетақы тағайындау кезінде жарна салған әр кезеңдегі инфляция деңгейі қаперге алынады.

Сол бойынша нарыққа сай әділ төлем жүзеге асады. Инвестиция иірімі мен халық қалауы

Зейнетақы жүйесі тиімді нәтиже көрсетуі үшін кіріс көзін ұлғайту қажет-ақ. Бұл тұрғыда сарапшылар зейнетақы қорындағы қаржының бір бөлігін алу және БЖЗҚ-ның инвестициялық бағдарына қатысты мемлекет саясатын қайта қарау маңызды санайды. Себебі инвестиция бағытының оңтайсыз позициясы табысты төмендетсе, азаматтардың қордағы қаржының бір бөлігін алуы нәтижелі жоспар құруға кедергі келтіруде.

Мәселен, қазақстандықтар жыл басынан бері зейнетақы қорына жиналған 370 млрд теңгеден астам қаржысын пайдаланған.

Был осы мақсатта 2 миллионға жуық өтінім берілді. Олардың арасында Алматы (466 353), Астана (452 901) қалалары мен Маңғыстау (213 341), Қарағанды (180 360), Атырау (144 645), Ақтөбе (141 916) облысының тұрғындары басым. Салымшылар ақшаны «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Отбасы банк» АҚ, «Алтын Банк» АО, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ секілді қаржы ұйымдары арқылы алуға тырысыпты.

«2021 жылы зейнетақы жи-

нақтарының бір бөлігін белгілі бір мақсатқа пайдалануға рұқсат берілді. Сол уақыттан бері БЖЗҚ тұрғын үй жағдайын жақсартуға уәклетті оператор-банктерге 3,6 трлн теңгеден аса қаржы аударылды. Сондай-ақ емделуге ақы төлеу үшін 580 450 өтініш орындалды», – деді Мұрат Шәріпов. Қазір БЖЗҚ-дағы зейнетақы активі 21 трлн теңгеден асты, 9 ай ішінде 3,3 трлн теңге қосылды. Бұл аз сома емес әрі оны бір орында ұстап тұру орынсыз. Сондықтан зейнетақы қоры әлемдік тәжірибеге сай қаражатты инвестицияға бағыттайды. БЖЗҚ ресми мәліметіне сүйенсек, бүгінде зейнетақы активі түрлі секторға инвестиция есебінде құйылған:

ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 42,29%; Квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 9,31%; Шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары – 4,25%; Екінші деңгейдегі банк облигациялары – 4,56%; РЕПО операциялары – 1,91%; ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолжатары – 1,80%; Микроқаржы ұйымдары – 1,66%;

* Ұлттық валютадағы инвестициялар – 60,79%;

* АҚШ долларымен – зейнетақы активтері портфелінің 39,20% құрайды. Нәтижесінде был БЖЗҚ инвестициядан 2,12 трлн теңгеге табыс тапты. Оның ішінде сыртқы басқарушы активтерден – 620,16 млрд теңге, шетел валютасын қайта бағалаудан – 227,98 млрд теңге, бағалы қағаздан 98,86 млрд теңге кіріс түскен-ді.

Дегенмен бұл кірістен жеке сектор секілді мемлекет те керекін алып, экономикаға пайдаланып жатыр. Өрине, тікелей бөліп жатқан жоқ, бірақ стратегиялық жоспар арқылы ықпал етіп келеді. Мысалы, «Halyk Finance» басқарма төрағасының кеңесшісі, экономист Мұрат Темірханов Ұлттық банк зейнетақы активін банктерге беру арқылы ақша-несие саясатын тұрақтандыруды әдетке айналдырғанын айтып отыр.

Бұл орынды уәж секілді. Есте болса, зейнетақы қоры 2008-2009, 2015-2016 жылдары банктерді дағдарыстан «құтқару» үшін қаржы жұмсағанын білеміз. Ұлттық банк инфляциямен күрес кезінде ауық-ауық зейнетақы қорына арқа сүйейтіні тағы бар.

Мысалы, БЖЗҚ-ның ресми мәліметіне сүйенсек, зейнетақы активінің белгілі бір бөлігі қаржы ұйымдарына сенімгерлік басқаруға берілген. «Jusan Invest» АҚ – 9,8 млрд теңге, «Halyk Global Markets» АҚ – 4,4 млрд теңге, «BCC Invest» АҚ – 5,2 млрд теңге, «Сентрас Секьюритиз» АҚ – 1,6 млрд теңге, «Halyk Finance» АҚ – 38,7 млрд теңге алып отыр. Сондықтан экономистер инвестицияның басым бөлігін банктерге емес, инновациялық жобалар мен табысты шетелдік компанияларға салуға кеңес береді.

Зейнетақы жүйесінде реформа бары рас, алайда оның нәтижесі әлі жетілдіруді талап ететінін көрсетті.

Сарапшылардың зерттеуінен өзгере бірнеше ықтимал шешімнің шеті шыққан. Ол – жаңа төлем жүйесін әзірлеу, зейнетақы қорындағы қаржының бөлігін алуды тежеу, инвестицияны әртараптандыру. Ал бұл ұсыныстың қашан қолдау табары белгісіз.

Ерсін ШАМШАДИН
«Қазақпарат»

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

13 желтоқсан 2024 жыл

№ 20 Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың кезекті жиырымасыншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті жиырымасыншы сессиясы 2024 жылдың 23 желтоқсаны күні сағат 15.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселе енгізілсін:

1. «2025-2027 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы»

Баяндамашы: Б.Әділханов - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

2. Аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі

Хабарламашы: Е.Ж.Жиеналин - комиссия төрағасы

3. Аудандық мәслихаттың білім, мәдениет, денсаулық сақтау, құқық тәртібі және жастар саясаты мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі

Хабарламашы: С.М.Нұрбаев - комиссия төрағасы

Аудандық мәслихаттың төрағасы: С.Ф.Займолдин

ҚАЗПОШТА (SERVISTE) EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА «QAZPOST» ОНЛАЙН СЕРВИСТЕРІ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ. ОСЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ШЕТЕЛДІК МАРКЕТПЛЕЙСТЕРДЕН ТАУАРЛАРҒА ТАПСЫРЫС БЕРЕ АЛАДЫ ЖӘНЕ ҚАЖЕТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА КЕДЕНДІК ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСІМДЕЙ АЛАДЫ.

«Qazpost» сервисі Қазақстан азаматтарына Amazon, AliExpress және басқа да жеткізілетін әлемдік платформаларда халықаралық сатып алу және жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның ішіне екі бағыт кіреді: Keruen дропшиппинг – АҚШ, Еуропа және Қытайдан жеткізу және Kedep – кедендік декларация.

EGOV Mobile үшін «Қазпошта» АҚ ұлттық операторымен ынтымақтастық халық үшін қызметтер спектрін кеңейтуді білдіреді. Бүгінгі таңда азаматтарға қосымшада онлайн режимінде пайдалануға болатын түрлі қызметтер бар.

«Keruen – шетелдегі дүкендерден жеткізу» бөлімінде жеткізу құны мен мерзімі көрсетіледі. Сонымен қатар, осы бөлімде жеткізу қызметі, соның ішінде үлкен көлемді пакеттерді жеткізу, құнды есептеу калькуляторы сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар бар. Пайдаланушы күтілетін

сәлемдемені бақылау үшін «Күтілетін сәлемдемені қосу» батырмасын басып, барлық қажетті өрістерді толтырып, «Жіберу» батырмасын басу арқылы қоса алады. «Kedep – кеден қызметтері» бөлімінде бағды есептеу және жиі қойылатын сұрақтармен танысу мүмкіндігі бар. Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін іздеу жолағы қарастырылған, онда сәлемдеменің трек нөмірі немесе телефон нөмірі бойынша бұрын жіберілген өтінім бойынша толық ақпарат алуға болады. Сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және «Қазпошта» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды.

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,
«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

ҚАМҚОРЛЫҚТАҒЫ АЗАМАТТАРДЫ ТҮРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША ТІРКЕУ ЕНДІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ



Енді 18 жастан асқан, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың қорғаншылары өздерінің қамқорлығындағы тұлғаларды тұрғылықты жері бойынша eGov.kz порталы арқылы тіркей алады. Бұған дейін бұл қызмет тек халыққа қызмет көрсету орталықтарының бөлімшелерінде офлайн режимде көрсетілетін. Мемлекеттік қызметтерді қолжетімді ету – eGov.kz порталының басты міндеттерінің бірі.

Енді жаңартылған қызметтің арқасында тіркеліме өтінімді үйден шықпай-ақ, бірнеше қадам арқылы оңай беруге болады. Бұл уақытты үнемдеп, қызметті алуды әлдеқайда ыңғайлы етеді.

КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН:

«eGov.kz» порталында авторизациядан өтіп, «Азаматтық миграция және иммиграция» бөлімін таңдау керек; «Халықты тіркеу және тіркеу есебінен алып тастау»

бөлімінде «Тұрғылықты жері бойынша тіркеу» бөлімін таңдау қажет; «қажетті деректерді толтырып, өтінімде ЭЦҚ арқылы қол қою қажет.

Қызметтің нәтижесі пайдаланушының жеке кабинетінде, «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады. Өтінімді өңдеудің жай-күйі туралы хабарлама мемлекеттік органы белгілеген уақыт ішінде түседі.

Көрсетілетін қызметтің жаңартылған функционалы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және ҚР Ішкі істер министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,
«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

ЖАДЫРА ШАМУРАТОВА

БАЛА КӨДИМГІ БАЛА ЕДІ. ҮЛКЕНДЕРДІҢ АРАСЫНДА НЕ ЖАҒДАЙ БОЛЫП ЖАТҚАНЫ АНЫҚ БІЛМЕСЕ ДЕ, ӨЙТЕУІР, ӨКЕСІ МЕН ШЕШЕСІНІҢ КІКІЛЖІНІҢ СОҢЫ ӨДЕТТЕГІДЕН ҰЗАҚҚА СОЗЫЛҒАНЫ БАЙҚАҒАН. ТОҢ-ТОРЫС ҚАБАҚТЫҢ САЛҚЫНЫ АЯДАЙ ПӘТЕРДІҢ ІШІН ДЕ СУЫ-ТЫП ЖІБЕРГЕН.

Үлкендер оның бала екенін, мии жетіліп үлгермегендіктен көп нәрсені онша түсіне бермейтінін ескермейтін. Ал оның түсінбегені көп. Ол тіпті папасының бұның мамасына не үшін ашуланып «талақ» деп айқайлағанын, сол сөзден кейін шешесінің неге ұзақ жылаған себебін ұқпаған. Әйтеуір, «талақ» деген сөз баланың көңілінде сұп-суық бір жаман сөз сияқты қалды да қойды. Өйткені, сол сөзден кейін бұлар үйлерінен кеткен еді. Бала шешесіне жақын еді, үйде жиірек болмайтын папасын көп жоқтап бермесе де, бәрібір ол келген кезде іштей қуанатын, кейде «уағыз тындаптыңдар» деп қасын да ойнап жүрген Әмина екеуін орысшалап боқтап жіберсе де, бұл бірдеңе бүлдіргенде ашуланып қолына түскенін жіберіп қалып, не басынан нұқыса да папасына өкпелемейтін. Тек папасы мамасына өлденеге ашулана төніп келіп, кейде қолын жұмсап жіберген кезде шешесін аяғаннан да әкесіне іші суып қалатыны болмаса, бәрібір жек көрмейтін. Папасы кетіп қалғалы беске тола қоймаған бала бұйығы тартқан.

Біраз күннен соң бала мамысы, кішкентай Әмина ушеуі нағашыларының үйіне барды. Нағашы ағасы мен жеңгесі дауыстары қаттырақ шығып бірдеңе айтты, оған мамасы жылап, соңында бір-бірін жұбатып жатқандарын келесі бөлмеде теледидар көріп отырып естіген баланың кішкентай жүрегі алабұртып, алдындағы өмірлерінде болатын үлкен өзгерісті сезетіндей тулай берді.

Ертеңінде бұлар нағашысының үйінен шыққанда кішкентай Әмина түкпір бөлмеде ұйықтап жатты.

– Мама, біз Әминаны ұмытып кеттік қой! – деді бала көзі шарасынан шыға айқайлап.

– Біз оны осында қалдырып бара жатырмыз ғой, Ислам.

– Әминаны ма? Неге? Ол оянған кезде бізді іздеп жылайды ғой.

– Жыламайды. Алма тәте оны қарайды. Жыласа жұбатады.

– Жоқ, жоқ! Әмина бізді сағынып жылайды, бақырып жылайды! Сен не білмейсің бе, ол бізді іздейді ғой, «қайда, қайда?» деп... Мама, Әминаны алып кетейікші.

Бала қарындасын қимай жылаған болды.

– Кейін алып кетеміз.

– Мам...

– Болды, қойшы, балам! – дегенде шешесінің даусы қатқыл шықты.

Мамасының көліктің терезесінен алысқа көз салып, өзінен-өзі мұнайғанын көрген бала бұдан әрі сөйлемей қалды.

Бұрын-соңды есігін ашып көрмеген бөтен бір үйге келер алдында шешесі оған: «Айдос деген аға сенің жаңа папаң болады, ал ол үйдегі әжені «әже» дейтін бол», – деп үйреткен. Ал баланың бөтен үйге барғысы келмеген. Оған Әмина екеуі еркін ойнайтын өз үйлері ұнайтын. Оның өзі танымайтын, көрмеген Айдос ағайды да «папа» деуге зауқы жоқ, оған салса, тек бір ғана

ТУМАҒАН НЕМЕРЕ

(әңгіме)

папасын папа деп атар еді. – Ал өз папам ше? – деп сұрады бала. Оның пәктігі ұйған жүзінен шын жауап күткені көрініп тұрды. – Біз одан кетіп қалдық қой, оның басқа үйі бар. – Ол бізге қайтып келмей ме? – Жоқ, келмейді. Біз енді басқа үйге барамыз. – Ал Әминаға папа кім болады сонда? – Әминаның папасы да сол Айдос ағай болады. – Сонда өзіміздің папаны ше? Оны енді папа демейміз бе? Шешесі ойланып қалды да, жауабын тапты: – Ол – бұрынғы папаң, ал Айдос аға – қазіргі папаң. Ол елі кішкентай болса да көп нәрсені түсінетін ересек адамша ойланып кетті. «Бұрынғы папасы, қазіргі папасы...» Бала түсінігінде папа дегендер көп болмауы керек сияқты, бәрібір бұл жерде түсініксіз бірдеңе бардай. Ертеңінде бұлардың үйіне бір қарап қалғанда бұның папасына ұқсатып сақалы бар ағай келді. Ол бұны үлкен адам сияқты көріп қол беріп амандасты. Бала қолын жасқана ұсынды.

– Айдос деген ағамын, – деді ер адам.

Бала үндемеді.

– Сенің атың кім?

– Ислам.

– Ислам дейсің бе, атың жақсы екен!

Ол бұның қолына мың теңге ұстатты да, «бар, дүкенге барып балмұздақ жеп, шамалы ойнап қайт», – деді.

Бала балмұздақ пен «кола» алып, аулада әрі-бері жүріп қайтып келгенде, заттар буылып-түйіліп тұрған еді.

Бұлар жаңа папаларының үйіне күндіз келді. Үйде бір әже, орамалды екі-үш апай мен екі ағай бар екен. Келіп келді деп ұйқы-тұйқы болған әбігершілік байқалмаса да, олар өзара көңілді көрінді, бұған жылыушырай қарап, тіпті біреуі басынан сипап, шай үстінде нешетүрлі конфет пен торттты бұның алдына қарай ысыра берді.

Пәтер бұлардың пәтеріне қарағанда әдемі екен. Төбесі аппақ, қабырғасындағы суреттері де ашымды, төбелерінде самсаған майда шамдары бар, бала бір тетікті басып көріп еді, шамның бәрі тегіс жанды, бір тетікті басып еді, тек ортадағы аспалы шамның жарығы шашырай түсті.

Бұлардыкіне қарағанда бөлмесі де артықтау болғанымен, бала бәрібір өзін еркін сезіне алмады. Мамасы болса келгеннен бері ас үй жақтан шықпай, бұған көрінуді қойды. Бұл мамасын көріп отырайын деп ас үйге барып еді, шешесінің картоп турап, Айдос ағаймен сөйлесіп отырғанын көріп, жақындауға бата алмай, қайтадан теледидар жаққа келіп бұрышта отырды. Шашы қысқа қиылған әже балаға назар аудармады. Өзімен-өзі бет-ажары суықтанып, түпсіз терең ойдың түйінін шеше алмай отырған кейіпте. «Бұның мамасы басына орамал тартып жүреді, ал мына әже өзі қарт болса да, неге жалаңбас жүреді екен?» деп ойланып отырған күйі ұйықтап қалған бала өзін мамасының көтеріп ас үйдегі кішкентай диванға салғанын да, шешіндіріп, үстіне көрпе жапқанын да білмейтін. Осы

күннен бастап алғаш рет мамасынан бөлектенген. ***** Түн ортасына дейін кірпігі бір-біріне жуымаған кемпір күрсіне берді. Ол баласы келіншек әкеледі дегенде қатты қуана қоймаған, келген келінге де қошеметсіз көз салған. Ұлының бұл әкелгені – үшіншісі. Олар үшін бұның артық машақаты жоқ, мешітке барып некелерін қидырып, үйлі-баранды болып шыға келеді. Бұның алдыңғыларының да жамандығын көрмеген, мынауы да жөндем секілді. Аты да алдыңғылардыкіндей емес, қазақша, Сайра. Өзінің қалыбы мен мінезі де қазақы көрінді. Тек келіннің өзімен ерте келген баласы бар екен. Ұлының қатын ауыстырғыш берекесіз тірлігіне мойынсал болғаннан басқа амалы жоқ еді кемпірдің... Бұл түні ұйқысы қашқан адамның бірі Сайра болды. Осы болып жатқанның бәрі – бірінші күйеуімен жолы екіге айрылып, екінші ретте екі-ақ рет көрген адаммен некесін қиып, басқа үйге келін болып түсіп жатқаны оған өңінде емес, түсінде болып жатқан сияқты көрінгені де бар.

Бұл күнде жаулығын жағынан тартып, ұзын көйлек киіп жүретін Сайра жасында бір қарағанда домалақ басы талдырмаш денесіне үлкендеу болып көрінгенімен, ұзынша қалыңдау қасы әуле шаша жарқыраған жанарына үйлесе біткен, кішкентай қыр мұрынды, ажарлы қыз еді. Өзін біреуден артық не кем санамайтын, айрықша ақылмен де таңғалдырып көрмеген қарапайым қызды мектеп бітіргеніне екі ай өтер-өтпесте бірінші күйеуі алып қашқан. Балалар үйінде өскен жігіттің мінезі біресе күліп, біресе ән салатын, бірдеңе айтса қас-қабағы бірге сөйлейтін жайдары Сайраға мүлдем көреғар тұйық, оярылау болып шықты.

Екеуара мың сезімнің тілі айтылмаған болса да, Сайра мен күйеуі бір-біріне тез бауыр басқан. Тағдырының қалау-райына көнген Сайра арада жыл өткенде күйеуінің айта беруімен, дамылсыз үгітіммен басын түгел тұмшалап, қара көйлекке оранып шыға келген. Тіпті құлшылығы жоқтарға салқындау қарайтын әдет тапты. Дүниеге ұл келді, одан кейін қыз көрінді. Бұлар көнелігі мен күйсіздігі бірінен-бірі өткен сан түрлі пәтерге көшіп жүріп жатты. Арзан пәтер іздеумен діңкелейтін. Күйеуінің тапқанын созғылап-тартқылап жеткізді дегеннің өзінде ақшаның көбі пәтеракыдан артылмады. Кірі бес елі кезекті пәтерді тарақаннан тазалап отырып Сайра: «Шіркін ай, өзіміздің пәтеріміз болса ғой» дегенді армандай береді. Күйеуінің ондай арманы жоқ секілді, вахтадан келген бетте шалқасынан түсіп жатқан күйінде: «Ей, күнәһар пенделер, адаспаңдар, естеріңді жиыңдар», – деп бүгін-ертең тірлілей тозаққа түсердей күңіренетін де жататын біреудің уағызын тыңдаумен болады. Ертеден қара кешке дейін тозақпен қорқытатын молданың уағызының әсері ме, әлде басқа бірдеңе болды ма, келе-келе күйеуі өзгере берді. Ештеңені ұнатпайды, еш-

теңеге көңілі толмайды. Сайраны ешқайда, тіпті дүкенге шығарғысы келмейтін болды. Бұларды сыртынан кілттеп, жөнін айтпастан кете беретін әдет тапты, үйде қалғандардың ас-сулары бар ма, жоқ па, не ішіп-жеп жатыр, онда шаруасы жоқ.

– Балалар ертең-ақ өседі, тезірек өз баспанамызды алсақ екен. Елдің бәрі ипотека алып баспаналы болып жатыр ғой, – деді бірде келіншек күйеуімен жарасып отырар сирек сәттік бірінде.

– Сен мені күнеға ітеріп отырсың ба? Қарыз алып оны өсіммен қайтару күнәнің үлкені емес пе? Сен надан, жарымес, оны білмейсің ғой, – деп бұрқ-сарқ еткен күйеуі.

Келіншек оған өкпелеп жатпады, өзінің надан да, жарыместе еместігін ол білетін. Күйеуінің мінезінің томырықтау екені де өзіне аян.

Кейде күйеуі тамаққа жұмсайтын ақшаның ас екенін біліп тұрып, «етсіз тамақ жасадың» деп ашуланып:

– Не тамақ істегенсің, ботқа ма, быламық па мынауың? Қолыңнан дым келмейді, пісірген асың дәмсіз, – деп қырыстанып, тарс-тұрс етіп тұрып кететін.

– Сен ет пен тамақ әкеліп, мен оны пісірмей отырмын ба? – деп келіншек те бұрқылдайтын.

Осы кезде күйеуі қолына іліккен нәрсемен Сайраны салып-салып қалатын.

Бірде бірі қызулап, бірі мазасы қашып жылай берген балалармен алысып шаршап жүрген Сайра күйеуі келгенде:

– Балалар ауырғанда дәрі алуға ақша бермедің, ең болмаса қолың боста бағысуға көмектеспейсің, – деп өкпесін білдірген.

Іші толып қалған келіншек соңғы жиырма күнде бір көрінген күйеуі енді кешіккенде жарылғандай екен, айтып жатыр, айтып жатыр.

– Саған шыққалы не қызық көрдім, айтышы? – деп тоқтағанда ып-ыстық жасы бетін күйдірген.

Күйеуі оған әуелі таңғала қарап қалғандай болды да:

– Саған керек қызық па? Қызық іздеп жүр ме едің? Ал, еңдеше, қызық керек болса! Мен саған талақ айтам. Енді еркіңше қызықтай бер! Талақ! – деп дүңк ете түсті.

Үш рет «талақ» десе болды екен. Сонымен екі кештің арасында Сайраның тағдыры шешілді. Талақтың шарты бойынша, олар енді бір-біріне ерлі-зайыпты емес. Тек бұрынғы күйеуі, бұрынғы әйелі болып қалды. Сайра тағдырына көнді. Көнбесе амалы жоқ еді. Оның араласатын «сестраларының» арасында да бұл сынақтан өткендер барын білетін, ондай жағдайларды өз орталарынан жиірек естіп те жүрген. Бірақ, «кім талақ айтпай жатыр» дегенімен, бұл жағдайдан қатты жасып қалды, жаны құлазып, оның артынан келген алданған сенім мен көңілдің жарақаты кетпестей көрінгені де бар. Жоқ, ол бірдеңені қиратып, лақтырып, не «балконнан секіріп өлем» деген жоқ, бірақ, «екі баланы қалай асыраймын, бұлармен жұмыс та істей алмайсың» дегенді қатты ұйымдап кетті. Күйеуімен заңды некеге тұр-

мағасын алимент те талап ете алмайтын. Өз орталарындағы «сестраларының» бұған жаны ашығаны ғана аздап болса да күйігін жеңілдеткендей болды. «Сестраларының»: «әйел ұзақ уақыт жалғыз жүрсе оны жын иеленеді, талақ болған әйел тезірек жөнін табуы керек» дегендеріне иланып ұйығаны сондай, бұрынғы күйеуі «өзіміздің братанға шығасың» деп көрсеткенде ол жігітті кеудесінен итермеген, оның үстіне Айдос дегендері сымбатты, тілі майда жігіт екен, арада тосаңдық байқалмады. Екі-ақ рет кездескенде ынтызар сезімі, тақымдаған құмарлығы көрінбесе де, ол да Сайраға елтеп ықыласты секілденген. «Екі балама пана болса» деген түпкі ойынан бөлек, жігіттің өз баспанасы бары да Сайраның көңіліне медет болған. Сөйтіп, бұдан бұрын әйел жіберген Айдосқа жар болуға келісімі берген еді.

Сайра орнынан тұрып, асүйде ұйықтап жатқан ұлының қасына келді. Пыс-пыс етіп ұйықтап жатқан баласына ақырын еңкейіп, шекесінен иіскеген кезде қарадан-қарап көкірегі ашып қоя бергендей болды. «Кешір, балам, затым әйел болғасын жалғыз жүруге болмайтын болды. Осы үйден жаңа өміріміз басталады. Бұрынғыдан жақсырақ өмір. Әйтеуір, сенің қарның ашпайды, киімің бүтін болады ғой...». Терезе алдына барып, сыртқа көз салып тұрып кірпігінің арасына ілінген жасты саусағымен іліп тастады. Таң алдындағы шығыс жақ қызғылт-сары, күлгін жолақтарға боялған ғажайып реңкке ене бастаған екен, жан-жағы ағара түскен үлпілдек ірі бұлттар мен жарыққа жұтыла жаздап тұрған ұсақ бұлттар арасындағы ауа да екінші рет тұрмыс құрып, жаңа өмір бастаған Сайраның үмітіндей мөлдір көрінеді.

Адамдарды абайлап, ақырын ғана жақсы көру керектігі ерте түсінгендей кісіге бірден жуымайтын, тым салмақты әрі өз жасынан ересек көрінетін бала жаңа үйге үйрене алмай, жатырқай берді. Бұл үйдегілердің бәрі бала үшін бөтен еді. Жаңа үйге келген балаға шешесі де бөтен біреу сияқты көріне береді. Бұрынғыдай бұның қасына жатпайтын болды. Бұны еркелетуге де мұршасы жоқ, бірі кіріп, бірі шыққан адамдарға шай беруден босамайды. Ас үйден шықпайды. Бала өз үйлерін сағынды, өздерінің үйінде болғанда шешесі бұған жақын еді, қасына алып жататын. Айналпып-толғанатын. Өкесі жоқта екеуі балмұздақ әкеліп жейтін. Қасықпен аздап Әминаға да беретін. Мына үйге келгені мамасы бұрынғы мамасы емес сияқты. Келгеніне бірнеше ай өтсе де жаңа папасын «папа» деп көрген емес. Ішінде мамасының бұдан алыстап, соның қасынан шықпай қоятынына өкпесі де бар. Папа демек түгілі әуелі қабағынан жасқанып тұрады. Бала бәрінен бұрын мамасының бет-жүзін бағауы, мамасы бұған көп жақындай бермесе де, бала оны баяғыша жақсы көретін. Мамасының көңілді жүргенін көрсе, бұл да арқа-басы кеңіп жүрер еді. Кейде мамасы үй жинап жүріп ыңылдап өндететін де. Сонда бала кішкентай жүрегі соған қуанып, ыржиып келіп

мамасын құшақтай алатын. Ал жаңа папасының көзінше өйтпейді, оның бұндайды жаратпайтынын біледі. «Әй, мынасы несі, қыздар құсап, шешесіне жармасып? Шешенді қазір көрдің бе, әрі бар!» – деп жасқап тастаған кезде бала кінәлі жүзбен төмен қарайды. Мамасы жуып-шайған болып алдарқатып жатса да, баланың көңілінде бірдеңе қалып қоятын.

Осы үйдегі кемпір болса ішінен «баланың не кінәсі бар дейсің» десе де, жанары үркіп қарайтын қара балаға бәрібір елжірей алмаған. Өз туған немересін көріп жарытпаған адам біреудің қолына қайдан емірене байасын, басы сол, оған салса, баланың аты «әй, бала» сияқты, Ислам деген атын да атамайды. Шайға барарда, «әй, бала, жүр» дейді. Бала ілеседі. Тамақ үстінде баланың ашқарақтана қол созығын жаратпаса да, онысын білдірмей, баланың алдымен кешегіден қалған құтқан-құтқан тамақты жеп қоюын қадағалайтын шаруа тауып алды. «Айналдырған екі бөлме, оның біреуінде өздерің. Өз үйіңде отырып, бөлмеде баяғыдан оңаша жатып келіп, енді келіп біреудің баласымен бір бөлмеде ұйықтамай алмаймын, баланың төсегін ас үйге сал», деп нұсқау берген де өзі болатын. «Әй, бала, жуынып жат», «әй, бала, қолыңды шайдың ба», «аядай бөлмені кезіп әрі-бері жүре бермеші, не деген мазасыз бала едің», «теледидардың даусын жайлап деймін, құдай ай, мына мультфильмнен тойдық-ау!»

Кемпір зарлаған сайын бала төртіпті бола түседі. «Әже» деуден танбайды. Әжесінің көңілін шықпақ болып бойын жинақтай береді. Уақыт өте келе ол әжесінің қас-қабағынан нені ұнатып, нені жаратпай отырғанын ұғатын да болды. Кейде екеуі тіркесіп аулаға шығады. Бала әжесі кіріп-шыққанша есікті ашып тұрады. Әжесі жеткенше жүгіріп барып орындыққа кішкене көрпешесін төсейді. Үйге келген соң әжесінің аяқ киімін сүрткілеп жинап қояды. Ол осының бәрін сондай ыждағатпен, балалық ықыласы салып істейді. Кейде кемпір мен бала жақын маңдағы дүкенге барып келе жатар еді. Қашанғыдай үнсіз. Әркім өз ойымен. Үлкен кісінің ойлайтыны өзіне шақ ой шығар, кішкентай баланың да ойы өзінен әлдеқайда үлкендеу еді. Ол, әсіресе, аулада ойнап жүрген кішкентай қыздардың көрген сайын нағашысының үйінде қалған Әминаны ойлайтын. Мамасы кішкентай Әминаны «кейін қасымызға әкелеміз» десе де, қарындасы әлі нағашыларының үйінде. Не өздері бармады. «Әмина неғып жүр екен, сөйлеп жүр ме екен, бұны ұмытып қалған жоқ па екен өзі» дейді. Кейде бала түс көреді, түсінде Әмина кішкентай кезіндегідей еңбектеген күйі біресе терезе жабынын ашып қарап, біресе есіктің артына үңіліп, бұны іздеп жүр екен дейді. Бұл оған: «Әмина, мен мындамын» десе де бөпесі түсінбейтін сияқты.

Күндер өтіп жатты. Шешесі мен екеуінің арасына қозғалмайтын тас қабырға секілденіп тұрып алған Айдос ағай бұның шешесін бір жаққа, өзін бір жаққа ажыратып, енді қайтып жуыспас құрдымға алыстата түскендей, әйтеуір, баланың шешесіне бұрынғыдай арсалдап еркелеуі де сирей берген.

Басы. Жалғасы келесі санда

| | | |
|--|---|---|
| <p>Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.</p> | <p>Ойыл</p> <p>Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.</p> <p>Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.</p> | <p>Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1207 дана. Тапсырыс 1598 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525</p> <p>«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.</p> |
|--|---|---|

ЕУРОХАТТАМА - САҚТАНДЫРУ ОҚИҒАЛАРЫН РЕТТЕУДІҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ТӨРТІПІ

2024 ЖЫЛДЫҢ 1-ШІ ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ТӨРТІП ПЕН РЕТТЕУ, Яғни ЕУРОХАТТАМА РӘСІМІ ЕНГІЗІЛГЕН. АТАП АЙТҚАНДА, МАРДЫМСЫЗ ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ (ЖКО) БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА, АЗАМАТТАР ПОЛИЦИЯНЫ ШАҚЫРМАЙ ЖӘНЕ СОТТЫҢ ШЕШІМІНСІЗ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ТӨРТІП ПЕН САҚТАНДЫРУ ОҚИҒАСЫН РЕСІМДЕЙ АЛАДЫ.



ЕУРОХАТТАМА ҚОЛДАНЫЛАДЫ, ЕГЕР:

- 1) ЖКО-ға екі көлік құралы ғана қатысса;
- 2) ЖКО-ға қатысушыларда қолданыстағы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру болса;
- 3) ЖКО нәтижесінде ЖКО қатысушылардың көлік құралдарына ғана шығын келтірілсе (өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген зардап шегушілер болмаса, үшінші тұлғалардың мүлкі бүлінбесе);
- 4) ЖКО-ға қатысушыларда бір тараптың кінәлі болуына, екіншісінің зардап шегуші болуына қатысты келіспеушілік болмаса;
- 5) келтірілген шығынның шекті сомасы 100 АЕК-ке дейін - 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 369 000 теңге болса.

ЖКО-ны «Еурохаттама» мобильдік қосымшасы арқылы ресімдеуге және төмендегі мекенжайлары бойынша App Store және Google Play жүктеуге болады: <https://apps.apple.com/kz/app/europrotocol-app/id6470774500> <https://play.google.com/store/apps/details?id=kz.ipgf.europrotocol.android>

Маңызды: ЖКО-ға қатысушылардың мобильдік нөмірлері Азаматтардың мобильдік базасында тіркелген болуы тиіс. ЖКО-ға екі қатысушы да «Еурохаттама» қосымшасын жүктеуі және ЖКО бойынша мәліметтерді толтыруы қажет. Тіркеу рәсімінен өтіп, ЖКО фотоматериалдарын қоса тіркеу қажет (фотосурет сапалы болуға тиіс).

Сауле ТАНИМОВА,
Ойыл аудандық сотының төрағасы.

кларацияны толтырғаннан кейін құжаттар сақтандыру компаниясына жіберіледі. Зардап шеккендерге сақтандыру жағдайын тіркеу туралы СМС хабарлама келуі тиіс. Содан кейін автокөлік иелері апат орнынан кетуге болады.

Еурохаттаманы кеңінен қолдануға бағытталған іс шаралар жүргізушілерге тиімді болатыны сөзсіз, өйткені олар ЖКО рәсімдеу үшін полицияны күтпейді, оқиға кезінде әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды, сақтандыру төлемдерінің мерзімі қысқарады. «Еурохаттама» қосымшасы бойынша сұрақтар туындаған жағдайда +7 (727) 339 31 88 нөмірі бойынша колл-орталыққа хабарласуға болады.

МІНДЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚ

Мемлекетті өркендету, дамыту бағытындағы ең жауапты іс-мемлекеттік қызметшілерге жүктелетіні мәлім. Мемлекеттік қызметшіге неғұрлым осындай жоғары талап қойылса, оның құқықтарының қорғалуы және әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуы да тиісті деңгейде болуы шарт. Сондықтан мемлекеттік қызмет саласындағы маңызды принциптердің бірі - ол мемлекеттік қызметшінің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы.

Бұл ретте, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің қызметінің басым бағыттарының біріне мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау жатады. Осы бағыты жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша Департаментімен ағымдағы жылдың басынан мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау бағыттары бойынша бірқатар талдаулар жүргізілді. Оның бірі мемлекеттік қызметшілерге еңбек демалысын беру мен іссапар шығындарын төлеу мәселелеріне жүргізілген талдау нәтижесінде өңірдегі мемлекеттік органдардың 90 мемлекеттік қызметшісінің құқықтары бұзылғаны анықталды. Дәлірек айтқанда, мемлекеттік органдар тарапынан мемлекеттік қызметшілерге іссапар шығындары заңнамада бекітілген мөлшерге сәйкес толық төленбеген. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерге алдын-ала жоспарланбаған іссапарға шыққан жағдайда қаржының бөлінеуіне байланысты іссапар шығындары мүлдем төленбегендігі анықталды. Талдау нәтижесінде анықталған



аталмыш кемшіліктер Ақтөбе облысындағы әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, 90 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді. Сонымен қатар, Департаментпен жұмыс уақыты режимінің сақталуына қатысты жүргізілген талдау нәтижесінде де 117 мемлекеттік қызметшіге үстеме жұмыстар атқарғаны үшін тынығу сағаттары берілу арқылы құқықтары қорғалды. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғаудың басқа да құралы оларға ікемді жұмыс кестесін және қашықтықтан жұмыс жасау мүмкіндіктерін қолдану болып табылады. Атап айтқанда, бұл жұмыс берушінің келісімі бойынша қызметкерге жұмыс күнінің басқа төртібі белгіленуі мүмкін. Мысалы мемлекеттік қызметші баласын таңертең немесе кешке балабақшадан алып кету үшін аталған режимді белгілеу туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Мұндай мүмкіндікті 2024 жылдың басынан бастап 21 мемлекеттік органның

52 мемлекеттік қызметшісі пайдалануда. Өз кезегінде, аталған бағыттағы жұмыстарды нәтижелі жүзеге асыру айрықша маңызды, өйткені олар мемлекеттік қызметшілер арасында заң үстемдігі, әділеттілік үстемдігі қағида-тын бекітуге және мемлекеттік қызметке сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Қорытындылай айтқанда мемлекеттік қызметшілердің еңбекті, денсаулықты қорғауға, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына, сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық қорғалуға құқығы бар. Департамент тарапынан мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау бағыты бойынша бірқатар талдаулар осы мақсатта да жүйелі жүргізіліп отырады.

А.ШІЛМАНОВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

АТАУЛЫ КАБИНЕТ – ҚҰРМЕТ ПЕН ҰЛАҒАТ

АККЕМЕР ЕЛДІ МЕКЕНІНЕ ҚАРАСТЫ ЖАМБЫЛ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ҚАЗАҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ, «ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ ОЗЫҚ Қызметкері», «СССР ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ ОЗЫҚ Қызметкері» САҒИДОЛЛА ЖАҚИЯҰЛЫНЫҢ Құрметіне Арнайы Кабинет Ашылды.



Ұстаздың ерен еңбегі мен білім саласындағы мол тәжірибесін ескелең ұрпаққа насихаттау мақсатында ашылған бұл кабинет – жас ұрпақ үшін ерекше сый және рухани тағылым алаңы. Кабинеттің ашылу салтанатына ұстаздың шәкірттері мен ұрпақтары, ағайын-туыстары, ауыл тұрғындары жан-жақтан арнайы жиналды. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев қатысып, Сағидолла Жақияұлының білім беру саласындағы елеулі еңбектері мен тағылымды өмір жолы жайлы жүрекжарды әңгіме өрбітті. Өз кезегінде аудан әкімі ұстаздың еңбегін насихаттаудың маңыздылығын айта келе, мұндай шаралар жастарға үлкен өнеге екендігін атап өтті.

Салтанатты жиында Сағидолла Жақияұлының баласы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Базылбек Жакиев әкесінің еңбегін ескеріп, құрмет көрсетіп отырған ел-жұртқа алғысын білдірді. Ол әкесінің өмір жолында қандай қиындықтар

кездесе де, білім мен тәрбиеге деген адалдығын сақтап қалғанын айтып өтті. Шара барысында ұстаздың немересі патриоттық ән орындап, жиналған қауымның жүрегі тербеп, ерекше әсер қалдырды. Салтанатты рәсім барысында ұстаздың жұбайы Жанниа апайға кабинет лентасын кию құрметі ұсынылды. Ұстаздың ұрпақтары шашу шашып, жаңа кабинеттің таныстырылымы басталды. Сағидолла Жақияұлы атындағы кабинет – заманауи үлгіде жабдықталған, технологияның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып жасалған оқу кеңістігі. Мұнда оқушылардың білім алуына барлық жағдай жасалған. Кабинетте заманауи интерактивті тақта, Сағидолла Жақияұлының өз дауысы жазылған стэнд, еліміздің тарихы мен географиясына қатысты QR-кодды бар арнайы стэндтер, тарих және география пәндері бойынша ақпараттық тақталар, технологиялық стандарттарға сай глобус және көрнекі

құралдар, жайлы парталар мен оқушы орындықтары, ұстаздың еңбектері, кітаптары мен мемлекеттен алған наградалары қойылған бұрышпен жабдықталған.

Бұл кабинеттің ерекшелігі – ол тек білім беру мақсатында ғана емес, сонымен қатар ұстаз еңбегін ұрпақ жадында сақтау үшін жасақталған. Мұндай игі іс ұстаз ұрпақтарының демеушілігімен орындалып отыр.

Сағидолла Жақияұлы 1929 жылы 7 желтоқсанда Ойыл ауданының Саралжын ауылында дүниеге келген. Оның балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр кезеңіне тап келіп, ерте жастан еңбекке араласуға мәжбүр болды. Талмай ізденудің арқасында 1946 жылы Ақтөбе педучилищесіне оқуға түсіп, оны тәмамдаған соң бірнеше мектепте меңгеруші болып қызмет атқарды.

1959 жылы Орал педагогикалық институтына түсіп, жоғары білім алған Сағидолла Жақияұлы кейіннен Жамбыл, Құрманов, Абай орта мектептерінде директорлық қызмет атқарып, аймақтың білім беру саласының дамуына үлкен үлес қосты. Оның жетекшілігімен Жамбыл орта мектебінің оқу-тәжірибесі аудандық, облыстық деңгейде таратылып, білім саласындағы жетістіктері үшін көптеген марапаттар иеленді. Сағидолла Жақияұлы 2019 жылы өмірден озды.

Ашылған жаңа кабинет Сағидолла Жақияұлының өмір жолын ұрпақ санасында жаңғыртып, оның еңбегін құрметтеудің белгісі болып қалмақ. Бұл кабинеттегі әрбір құрал-жабдық, ұстаз еңбегіне арналған әрбір стэнд – жас ұрпақты білімге, ізденіске баулуға бағытталған игі қадам.

Жамбыл орта мектебінің ұжымы мен ауыл тұрғындары ұстаз ұрпақтарына шынайы алғыстарын жеткізді. Бұл шараның маңызы – тек кабинеттің ашумен ғана шектелмейді, ол Сағидолла Жақияұлының ұлағатты жолын жалғастырып, жас буынға үлгі ету арқылы еліміздің білім саласына қосқан үлесін ұмытпауға үндейді.

Сағидолла Жақияұлының атымен ашылған кабинет – жас ұрпаққа мұра, ауыл мектебінің рухани қазынасы. Бұл игі шараның өнегесі алдағы уақытта жалғасын тауып, ауылдың білім саласының дамуына серпін беретіні анық.

Сағидолла Жақияұлының өмірі мен еңбегі әрқашан құрметпен аталып, оның есімі келешек ұрпақтың жадында мәңгі сақталмақ.



Әділет ШАБАЙ,
Ойыл селпосы.

ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ – ҰЛЫ ГАЗБЕН ҰЛАНЫ

Адам өміріне орасан шығын әкелетін өрт оқиғасымен өртен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әлі де болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, биылғы жылдың 19 қазан күні Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі, Қаратал ауылының 1 тұрғыны тұншықтырғыш газымен улану диагнозымен және 15 желтоқсан күні Көптоғай ауылдық округі, Амангелді ауылының 2 тұрғыны, оның ішінде 1, 2021 жылы туылған бала тұншықтырғыш газымен улану диагнозымен ауруханаға түсті. Уланудың басты себебі тұрғын үйдегі пеш жүйесінің ақаулығынан, пеш плитасының жарықтары бар.

Қазіргі таңда ауданымызда 2024-2025 жылдардағы жылу беру маусымында тұрғын үй секторында Төтенше жағдайларды болдырмау, алдын-алу мақсатында ауқымды іс-шаралар атқарылып келеді. Ауданымыздағы тұрғын үйлерге профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында өрт қауіпсіздігі ережелері мен талаптарының бұзушылықтары анықталуда. Бұзушылықтардың басым бөлігі жылыту пештердің ақаулығы, түтін құбыры мен мұржалары тазартылмаған, жылыту пештерінің алдына көлемі 0,5 х 0,7 м көлеміндегі металл қаңылтыр төселмеген және т.б. Сонымен қатар аудан орталығындағы тұрғындарға үйлеріндегі табиғи газды анықтайтын сигнализаторларды тоқ кезіне қосып, қапылы жұмыс жағдайына келтірулеріңізді сұраймыз. Сондықтан, осы кезде уланудың қауіпін қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға

тиіспіз. Ол үшін өт жағу маусымы кезінде пештер мен басқа да жылу беру құралдарының қалыпты жұмыс жасауына ұдайы бақылау жүргізу қажет.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау басты назарда болуы керек. Алдағы уақытта біле отырып жөн деп санаймын: Тұншықтырғыш газ немесе көміртек тотығы-түссіз, иісі жоқ газ, ауадан жеңіл. Тұншықтырғыш газ әр жолы ағаш, көмір отынды жаққан кезде қалыптасады.

Тұншықтырғыш газымен улану себептері:

Пеш жағып жылытуды пайдалану ережелерінің бұзылуы (уақытылы саңылауларды жаппау, таза ауаның жеткіліксіздігі, нашар тартуы). Пешпен түтін шығу жолдарының ақаулы жұмыс жасауы (пеш құрылғысындағы жарықтар, түтін шығу жолдарының бітелуі).

Адамның өрт ошағында болуы. Ауа алмасу нашар гаражда немесе бөлмеде автокөлікке техникалық қызмет көрсету. Қозғалтқышы қосылған күйдегі автокөлікте ұйықтау.

Сіздер мен біздің ең басты міндетіміз адам өмірі мен мүлкін өрттен және басқа да төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады. Сондықтан да, аудан тұрғындары өздерінің, балаларының, тума-туысқандарының өміріне бей-жай қарамай жеке тұрғын үйлерінде, жұмыс орындарында және басқа да қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап жүруіңізді сұраймыз.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Ақшатау орта мектебінің ұжымы және кәсіподақ ұйымы мектебіміздің зертханашысы Қарылғаш Төреғалиевтаға әкесі **Базарғали Төреғалиевтың** қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.